

Алты алаштың арысы еді.

Зейнолла Игілікұлы 1937 жылы бұрынғы Сталин атындағы колхозда(қазіргі Кеншоқы совхозы) қарасты Еңбекшілде дүниеге келген.

Сарыарқаның бір пұшпағында ерке өсіп ер жеткен З. Игілікұлы орта мектепті тәмамдаған соң әскери борышын өтеуге аттанып, елге әскери лейтенант дәрежесімен оралды. Бұл да З. Игілікұлының зеректігін, ойлығын аңғартса керек. Атаның ұлы болғанша адамның ұлы болуды жадында берік түйген Зекең халқының болашағын, азаттығын аңсап, бірге жүрген серіктестеріне арналған «Менің халқым», «Жігіттер» өлеңін жазды.

Жігіт бар үрген желдің ығын қуған,
Жалқаяқ, алып ұшпа, бүгін туған.
Өзінен өзгелерде болсынба ісі,
Я тағдыр болмаса екен мұндай тұман.
Екінші бір жігіт бар өскен қуған,
Қайыры, ізгірлігі есеп тұрған.
Қайырсыз бұл бір сыры кімге керек,
Болған соң инабатты тамам жұрдан.

Алпысыншы жылдары Қарағанды педагогикалық институтына сырттай оқуға түскен З. Игілікұлының ой- өрісіне елеулі өзгерістер әкелді. Халқының мұңын жоқтап, ұлтының намысы үшін жаны шырқыраған Зейнолла Игілікұлы 1962 жылы саяси айыппен темір тордың ар жағынан бір- ақ шықты. Осынау тағдыр тауқыметіне іліккен жылдары оның қаламынан «Жылдар, жылдар», «Ақиқат тамшысы» өлендері дүниеге келді.

Адам, достым, ақиқаттың тамшысы.
Сол тамшы дүниенің жалшысы.
Дүние қуып ақиқаттан құр қалма,
Пендешілік адамдардың қамшысы.
Жақсылықтың менен несін сұрайсың.
Сұраған соң айтпай тағы тұрмайсың.
Надандардың көп қой талай тәңірі,
Тағдырыңа өзің де бір құлайсың.

1967 жылға дейін бұрынғы Кеңес Одағының лагерінде отырған Зекеңнің одан кейінгі

өмірі де онынан туа қоймады. Елге оралғаннан кейін де азаттықты аңсаған өлеңдері дүниеге келді. Темір тордың азабынан халқының болашағын ойлаған азамат көкірегі ояу ел жақсыларын жігерлендіруші өлеңдер жазды.

Туған елдің түтіні тәтті екен,- демекші сағынышпен елге оралған қайсар азамат ақын. Қарағанды мемлекеттік педагогика институтында оқуын қайта жалғастырып, мұғалімдік жоғары білім алды. Бейбіт еңбекте де айы онынан туа қоймады. «Халық жауы» деген айдар соңынан қалмады. Аудан орталығындағы мектептен фермадағы мектепке сырғытылды.

3. Игілікұлы өмірінің соңына дейін қуғын-сүргінен құтылмады. Фермадан орталыққа клуб меңгерушілікке келген оны «Микрофоны бар жерге істеуге болмайды» деп қызметтен босатады. 3. Игілікұлы өнерді енші еткен домбырашы да. Жаңадан ұйымдастырылған музыка мектебіне басшылыққа жіберілген 3. Игілікұлы «Осы балаларға не үйретіп жүр, ұлтшыл бірдеме болып жүрмесін?» деген күнәмен бұл қызметтен де шеттетілді. Өнерді өмірім деп қастерлейтін, Зекеңнің сол кезде «Домбыра» атты өлеңі шықты.

3. Игілікұлы тек ақын ғана емес, карасөздің зергері еді. Оның «Өрт» атты шығармасында салиқалы ой қозғауымен дүниедегі келеңсіз көріністер әжуа сықақпен шынайы көрсетіледі. Әскери лейтенант шені бар Зекең мектепте әскери пәнінің оқытушысы болып орналасқанымен «Мылтығы бар жерде істеуге болмайды» тағы да шеттетіледі. Одан кейін аудандық оқу бөлімінде қызметте жүргенде ауылпартком хатшысы «Оқу бөлімін алашордашылар басып алды» деп, бюрода қарайды да, үш күннің ішінде тұқымын құртуға нұсқау береді.

Бұл 1986 жыл болатын. Қуғын-сүргіннің, кудалаудың зардабы 3. Игілікұлын қажытпай қоган жоқ. Жанынан арын қымбат санаған азамат қорлыққа мойымады. Осы жылдар ішінде 16 жерде жұмыс орнын ауыстырып, алайда оның зардабы Зекеңді 51 жасында, кемел шағында 1988 жылы өмірден алып кетті.

Зейнолла Игілікұлы Шет ауданы орталығындағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің түлегі. Сабақты жақсы оқитын, қоғам жұмысына белсене қатысатын. Мектептегі ойын-сауық үйірмесінің мүшесі болатын. Домбыраны шебер тартатын. Ауыз әдебиетін сүйетін. Көркем сөз оқуды ұнататын. Жастар клубта демалыс сайын концерт қойып, халықтың көңілін көтеретін. Совхоз орталықтарына, Ақсу, Еңбекшіл, Ақтөбе, Қайрақты фермаларына да барып концерт қоятын. Зейнолла Игілікұлы әскерге барып шынығып, лейтенант дәрежесін алып келді. Жер-жерде жастар, студентер Н.С. Хрущев бастаған орталық комитет қазақ жерін бөлшектеуге кіріскенде оның саясатына назарлық білдіріп, Зейнолла бастаған жастар астыртын «ЕСЕП» партиясын (Елін сүйген ерлер партиясы) ұйымын құрды. Осы партияның басшысы Зейнолла Игілікұлы болды. Бұл азамат солтүстік облыстарда қазақ мектептері жабылып жатқанына қарсы болып, тілімізді, дінімізді сақтауға, мәдениетімізді дамыту мәселесін көтерді. Азаттық, тәуелсіздік үшін күресті.

«ЕСЕП» ұлтшыл ұйым. Соны ұйымдастырдың -деп бұл азамат КГБ назарында болды. Соңына түсіп, тұтқынға алды. Саяси қуғын-сүргінге айналдырды, соттап итжекенге жер аударды. 1962-019640 жылдар аралығында Сібірде жүргенде көп бейнет көрді. Ақталып елге келді. 3. Игілікұлы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасы. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Әдебиетті жанындай сүйетін, ақын еді. Оқушыларға сапалы білім берді. 3. Игілікұлы кейінде оқу бөлімінде методист болып істеді. Озат мұғалімдердің іс-тәжірибесін аудан мұғалімдеріне насихаттап таратып отырды. Халықтық педагогика түрлерін сабақта лайықты, жүйелі қолданайық, оқушыларға жан-жақты білім тәрбие берейік-деп отыратын жұмысты беріліп істейтін. Табанды, іскер азамат еді. 1986 жылы желтоқсан оқиғасында да өкімет назарында болған Зейнолла қуғынды көп көрді.

Қазақ халқының әрбір саналы азаматты тәртізді кір жуып, кіндік кескен туған жеріне. өзін өсірген еліне, алғаш шыр етіп дүниеге келген сәттен бастан ананың ақ сүтімен бойға

дарыған туған тіліне деген шексіз махаббат, сүйспеншілік Зекең шығармаларының да темірқазығы, арқауы болған. Туған халқы алдындағы азаматтық парызын ақтап өткен ағаның кейінгі ұрпаққа қалдырған «Шәкірттеріме», «Менің халқым», «Көктем», «Менің далам», «Домбыра», «Мен адаммын», «Аяулы дос», «Жігіттер», «Мұңсыз еткім келеді», «Сарыарқа», «Әке сыры» тәрізді өлендері бұған дәлел.

Елін, жерін қадірлей білген З. Игілікұлының өлендерімен оның азаматтық үні айқын аңғарылады:

Мысалы:

« Өзін қадір тұтпаған,
Ел қадірін білмейді.
Сіміре суын жұтпаған,
Жер қадірін білмейді.
Ана сырын ұқпаған,
Жар қадірін білмейді.
Жолдасын жолға тастаған,
Дос қадірін білмейді.
Бауырға құлақ аспаған,
Жан қадірін білмейді.
Ағаны сый тұтпаған,
Ар қадірін білмейді.
Ел намысын ұқпаған,

Ер қадірін білмейді.
Өмірдің бетін ашпаған,
Ел қадірін білмейді.
Тек өзінен басқаны,

Өзегі дерсіз кір дейді» деген жыр жолдарынан тағдыр тауқыметін көп көрген асыл ағаның ой тоғамдарын, өмір өрнектерін аңғара отырып, ақын түйініне келісесіз. Жыр жолдарынан азамат ағаның бүкіл болмысы, жан сыры, жүрек дабылы айқын аңғарылады.

Өмір жолындағы өміршең өнегесі, өркенді ісі, ақыл парасатымен көпшілік қалаулысы болып қалатын жандар болады. Сондай рухы биік, елін, жерін сүйген азаматтардың бірі- Зейнолла Игілікұлы. Бұл есім аудан, облыс көлемінде кеңінен танымал. «Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар, кісі болмас кісінің кісіменен несі бар» деген қағиданы берік ұстанған кішіпейіл, жаны кіршіксіз таза, көпшілдікпен тез тіл табысып кететін жан үлкенге іні. кішіге бауырмал бола білді. Сол кездегі елімізде қалыптасқан жағдай әсіресе, өз елінде отырып, азшылыққа ұшыраған қазақ халқының келешек тағдыры Зекеңді қатты толғандыратын. Таңды игеру деген желеумен жеріміздің құнарлы жеріне өзге ұлт өкілдерін қаптатап жіберумен қоймай, жерімізді бөліп бөлшектеуге бет бұрганы бойында жігері бар, елім деген азаматты бей- жай қалдырмаса керекті.

Елім деген өрімдей жастар алып империяның озбарлық саясатына қарсы тұрып, «ЕСЕП» (елін сүйген ерлер партиясы) деп аталатын ұйым құрып, жасырын жұмыс жасап, алдарына қойған ұлы мақсат жолында игілікті істер тындыруға кіріседі. Жердің жүзін шырмауықтай шырмаған империяның тыңшыларынан бұлардың әрекеті жасырын қалмайды. Ұлы мақсат жолындағы істе, туған жері мен елінің болашағы жолында өзінің жастық ғұмырын құрбан еткен аға жайында естеліктер де аз жазылмаған. Тоталитарлық жүйе үшін саяси жағынан қауіпті болған Зекеңнің соңында тыңшылар болғаны жасырын емес. Қудалауға жиі ұшырауы да соны айқын аңғартады. Қылыштың жүзінде жүрсе де өзінің қажырлы қалпынан бір танбай, жігерін мұқалтпақшы болған әміршіл-өктемшіл жүйенің алдында жасымады, қайта шар болаттай жарқылдай түсті. Алғашқы әскери дайындық пәнінен дәріс беріп жүрген жерінен «мылтығы бар жерде, қоғамға жау адамның жұмыс істеуіне болмайды » деп оқушылар мен тікелей қарым-қатынаста болдырмай орнынан сырғытты. Аудандық оқу бөлімінде инспектор болып жүргенде де аз қудаланған жоқ. Мұндай жағдайда қызмет баспалдағымен сәл де болса көтерілудің өзі мүмкін еместігі айқын болатын. Жаны құлазыған сәттерде жақын достарын ертіп, туған жердің көркем табиғатын аралап кетеді екен. Бір айтарлығы ағамыз туған өлкенің тарихын, жер- су аттарын жетік білетіндігімен, жалпы қазақ әдебиеті, тарихы жайында терең білімділігімен

ерекшеленетін. Өз қатарластарынан оқшау көрінетін. Сонысымен де көпшілікке өзін сыйлы ете білетін.

1986 жылғы қазақ жастарының өктем империяға қарсы бас көтерген әлемді дүр сілкіндірген қозғалысынан кейін де Зекеңнің соңынан қадағалау күшеймесе, азайған емес. Ол жайында сол кезде аудандық оқу бөлімін басқарған Т. Мусин өзінің «Асыл аға» естелігінде:

«аудандық партия комитетінің хатшысы Потапова күнде шақырып З. Игілікөвтің жағдайы қалай, оқиғаға қандай пікір айтады», - деген сауалмен мазалаған. Мұндай оқиғалар аяулы азамат, ақын ағаның жүрегіне шаншудай қадалары және анық. Осындай күйзеліс кезеңдерінде көңілін мазалаған ойларды қолына қалам алып, қағаз бетіне түсіретін. Ойындағы пікірін ашық айта алмайтын. Әрине, сол бір алмағайып кезеңде қаламынан өрілген дүниелерді баспасөзге беріп, оқырмандарға білдіру деген ойға да келмейтін дүние ғой. Дегенмен Зекеңнің жұбайы Рымкеш асыл ағаның артындағы мұраларын жинақтап, «Еркіндіктің жүрегімде бейнесі» деген атпен жарыққа шығарғаны жүрекке жылылық ұялатады. Ағаның әр өлеңін оқып отырып өзімен сырласқандай әсерде қаласың. «Жақсының ісі, ғалымның хаты өлмейді» деген осы- ау. Текті жанның алмағайып заманда табиғи қалпын бұзбай, шыр етіп жарық дүниеге келгенде тәңірісі мандайға жазған адамдық асыл қасиеттерден айнымай, уақыт желімен құбылып соқпай, елі жері үшін шыбындай жанын шүберекке түйіп, от пен суға түскен асыл азамат бейнесі асылдың сынығындай жарқырай түседі.

Газет редакциясына ұлағатты ұстаз, тектілігі ханзадаға бергісіз Зекеңнің атын ұлықтап мәңгілікке қалдыру жөніндегі ұсыныстар да оқырмандар тарпынан түсіп жатқаны жаңынды жадырата түседі. Аудан көлеміндегі мекемелер мен орта мектептен, көше тұрғындарынан, Приозерск қаласындағы қазақ мектебінің ұжымынан қол қойылған 12 тілек хат жиналып отыр. Ауылымыздың тұрғындары Айтжан Сүлейменов пен Қайрат Қайрат Қасымбектерден келген хаттар да мазмұны да ағаның өмір жолын ұрпақ жадында сақтап, мәңгілікке қалдыру үшін бір көше атын берсе деген мазмұнда.

Азамат өрісі- туған халқының тынысы. Ер тағдыры- ел тағдыры. Ел тарихында ұлтымыз үшін орны толмас қасірет болған зобалаң болған жылдар тарихы естен кетпейді. Солақай саясаттың құрбаны болған, мыңдаған азаматтарымыздың халық үшін сіңірген еңбегі ұрпақ жадында мақтап жаңғыра бермек. Бостандықтың бодауында өзінің жастық шағын құрбан еткен, ақын жерлесіміз Зейнолла Игілікұлының жасындай жарқылдаған жастық шағын Сібірдегі саяси тұтқындар лагерінде азаппен өткізсе де артына ғибратқа толы мол дүние қалдырды. Жазықсыз жапа шеккен Зейнолла ағаның жат жерде жүріп жазған жыр өлеңдері мен мақал- мәтелдері:

Түрмеде

Түнеріп тұр, түнжырап далада бұлт,
Түрмеде жалғыз өзім тірі жүрген.
Отырмын аңсауменен таза ауаны,
Келешек өмірімнен күтіп үміт.

Достарым тым алыста бұлғайды қол,
Адастым қараңғыдан таба алмай жол.
Буыным қатпағандай дірілдеймін,
Маңайым болғаннан соң шырмаулы тор.

Қызықтап сығалаймын терезеден,
Аумайтын торлы көзді керегеден.
Сезімі жас жанымның шыдатпайды,
Жарығын көріп күннің елегізумен.

Ертең-ақ шығам күліп абақтыдан,
Елім бар өр ұлдарын мадақтаған.
Сары арқа самалында ұшармын мен,
Аймалап ата- анамдай ардақтаған.

Талаптың тұрам әлі биігінде,

Жалын бар өшпес менің сүйегімде.
Қасырет жан-жағымды қоршап жатса,
Ағатым киелі өнер тиегінде...

Жарқыраған аспанда

Сүйдім, сәулем, ашық едім өзіңе,
Қазыр сағым, бұлдырайсың көзіме.
Тағдыр қатал-жазғырады жанымды,

Ерік бермей ынтазарлық сезімге.
Әлде маған жат адамсың әуелден,
Шыға алмайсың әлде өзіндік әуеннен.
Болдың елес — бұлдырайсың көзіме,

Мезі қылдың жас жанымды әуремен.
Шөліркедім құрғақ ойлар мазалап,
Жүргендейсің, сәулем, сен де мазаны ап.
Сен — жұлдызым жарқыраған аспанда,

Күйдіресің жүрегімді жай маздап.
Ләзатты кештер әліде есімде,
Мазалайын айтып оны несіне.
Тағдыр бізді таныстырды алыстан,

Өтер күндер, қалар мәңгі есімде.
Сезді жаным сүйгенінді мені де,
Жүрсің, бәлкім, өкінішпен егіле.
Назданасың, іштей әлде күйесің,

Адастым деп, жолықпадың теңіңе.
Білем, сәулем, ауыр саған бұл күндер,
Білем, ауыр мазалы кеш кей түндер.
Білем енді назданасың кімге сен,

Енді кімге тергізесің шоқ гүлдер...

Қып-қысқа ғұмыр, озар да тозар,

Қалатын мәңгі есімің болар

Бір ғана іс бар құзырың жүрер,

Қалдырсаң жақсы ат, ұрпағын білер,- деп Жүсіп Баласағұн жырлағандай, Нұраның топырағында туып, халқы үшін еңбек сіңірген абзал азаматтарымыз көптеп саналады. Азаттық, теңдік жолында тер төгіп, жанын қиған бабаларымыздың ерлік істерін жалғастырған ұрпақтарының есімі ұмыталмақ емес. Осындай асылдарымыздың бірі, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған азамат, ақын Зейнолла Игілікұлы. Еліміздің тәуелсіздігі жолында күрескен, азаттықты, бостандықты, еркіндікті аңсаған, сол үшін қуғын-сүргін көрген, қайсар, еңсесі биік ұстаған ұлтжанды ақынды есте қалдыру мақсатында жақында аудан орталығындағы М. Горький атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиет дәрісханасына ақын ағаның есімін беру салтанатты шарасы болып өтті.

Жігіттер

Жігіттер бар үрген желдің ығын қуған,
Жалқаяқ, алып ұшпа, бүгін туған.
Өзінен өзгелерде болсынба ісі,
Я тағдыр болмаса екен мұндай тұман.
Екінші бір жігіт бар өсек қуған,
Қайыры, ізгілігі есеп тұрған.
Қайырсыз бұл бір сыры кімге керек,
Болған соң инабатты тамам жұрдан.

Үшінші бір жігіт бар жойқын ізі,
Досы жоқ, дұшпаны көп жиқан дүзі.
Даңқ құмар бұл бір ғарып, кімге керек,
Ләғнет етер ертең дүние жүзі.

Төртінші бір жігіт бар мансап қуған,
Өзгеден өзін артық аңсап туған.
Бұл сорлы мен мені зор кімге керек,
Өзі үшін игілерді нақақ қылған.

Бесінші бір жігіт бар орашалақ,
Көзге қом, қуыс кеуде, үрген талақ.
Өзіне өзгеде де зияны жоқ,
Дегенмен болмаса екен мұндай қарақ.

Қисық мінез, бар осындай жігіттер,
Бірі аға, бірі іні түлектер.
Күйер жаның көлеңкесін көргенде.
Не керек деп осы бір шіріктер.
Аулаң қырдан асып кеткім келеді,
Қайтып қана ғазиз жаным көнеді.
Бірі аға, бірі іні болған соң,
Теперішін, тепкісінде көреді.
Айтпасанда жарқын ақыл келелі,
Әйтеуір ізгі зұлымдықты жеңеді.

Жылдар, жылдар

Асау сезім тұңғиыққа бойлайды,
Бұл жас жаным не ғаламат ойлайды.
Не сағыныш ата- анаға, еліне,
Не халықтың ізгі арманы қинайды.

Тыншымайды сыбырлайды әлде кім.

Мазалайды, әурелейді әлде не үн,
Бұл не хикмет дамылы жоқ жанымның,
Ауыр неге, ауыр неге әрбір түн.

Жылдар, жылдар өтіп жатыр зымырап,
Рахаты аз тағдырымнан сыр ұрлап.
Өтер айлар, келер тағы сан жылдар,
Өкінішпен өткендерден мағынасыз сыр сұрап.

Ақиқаттың тамшысы

Адам, достым, ақиқаттың тамшысы,
Сол тамшы дүниенің жалшысы.
Дүние қуып ақиқаттан құр қалма,
Пендешілік адамдардың қамшысы.
Жақсылықтың менен несін сұрайсың.

Сұраған соң айтпай тағы тұрмайсың.
Надандардың көп қой талай тәңірі,
Тағырына өзің де бір құлайсың.

Отанға

Отаны ыстық әрбір баласына,
Жүрсеніз жалықпайсыз саясында.
Ол саған сыр айтпайды, көрсенеді,
Не жоқ деп шіркін қазақ баласына.

Отаным көз жетпес сел дәрия шалқар.
Жоқ ақын теңеу тауып сені жырлар.
Сен жатқан кең дүние қойының ашық,
Жоқ бейнең өмірінде еш сарқылар.

Қарасам көзім жетпес байлығыңа,
Қазна, асыл сенің бар қойныңда.
Көкірегімде бар байлығың, Отан-атаң,
Бола алмас сенен ыстық жас шағымда.

Отаным жүрегісің туған елдің,
Жерісің халқы үшін туған ердің.
Сен үшін пида жаным жас өмірім,
Қабыл ал тілегімді Отан менің.

Сырың бар кісендеулі әлі де көп,
Қалайша жыр етпейін сені елеп.